

**Есенова К.А.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс докторанты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: kamchat\_esenova@mail.ru

**БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ**

Мақалада менеджерлерді даярлаудың шетелдік тәжірибесіндегі басқара білуі қабілеті мен кадрлар құрамында талапкерлерді даярлау мен таңдау жүйесі, материалдық базаның ерекшелігі, әлемдік тәжірибедегі менеджерлерді даярлаудағы білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Басшының өзі жасаған барлық шешімдерге толықтай жауапкершілікте болуымен қатар менеджердің өндірістің ішкі және сыртқы жағдайларынан хабардар болуы және қоғамдағы өзгерістерді есепке ала отырып, қажет болған жағдайда алдына қойған мақсаты мен міндеттерді орындау ерекшеліктері талданған. Менеджерлерді даярлауда шетелде соңғы жылдары мамандандырылған ұйымдар және жоғары оқу орындары арасында бәсекелестіктің күшеюімен қатар жоғары оқу орындары мен бизнес мектептеріндегі даярлау және қайта даярлау бағыттары сөз етілген.

Менеджерлерді даярлаудағы даму факторларын басқарудың және перспективада қызметтің қажет нәтижесін алуға практикалық мүмкіндік пайда болумен қатар дамыған елдердің тәжірибесін салыстырудың ұтымды тұстары қарастырылған.

Фирмаларда жұмыспен бірлесе оқуға және атқарушылар тобының өзара қатынасына көп көңіл бөлетіндігі, сонымен бірге жоғары оқу орындарындағы бағдарламалардың жеке білім алушылардың мүмкіндіктері мен білімін жетілдіруге бағытталған тұстары мен білім беру менеджерлерін даярлау жүйесіндегі әлемдік тәжірибе зерделенеді.

**Түйін сөздер:** менеджмент, менеджер, басқару, білімі беру менеджері.

Yesenova K.A.

PhD of spec. «Pedagogy and Psychology»,  
Al-Farabi KazNU, Kazakhstan, Almaty, e-mail: kamchat\_esenova@mail.ru

**Foreign experience of training managers of education**

The article deals with foreign experience in training managers, knowledge and ability to manage, as well as the system of training and selection of candidates from the staff, especially the material base, a kind of features of the educational system for training managers in world practice. Along with the responsibility for all decisions made by the Manager, he must have information about the internal and external conditions of production, especially the implementation of the tasks and goals, if necessary, taking into account changes in society. In recent years, abroad, where, along with increasing competition in the training of managers between specialized organizations and universities, we are talking about areas of training and retraining in universities and business schools.

The practical possibility to get practical opportunities of management and training of managers and to receive desirable result in the future is considered, in the long term there was an opportunity to compare the best experiences of the developed countries.

Much attention is paid to the study and cooperation with working groups, pay special attention to the development of the potential of higher education institutions and the knowledge of individual students, aimed at improving the knowledge of students in the training of education managers and studied world experience.

**Key words:** management, manager, education manager.

Есенова К.А.

докторант PhD 2 курса спец. «Педагогика және психология»,  
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: kamchat\_esenova@mail.ru

### **Зарубежный опыт подготовки менеджеров образования**

В статье рассматриваются зарубежный опыт по подготовке менеджеров, знание и умение управлять, а также система подготовки и отбора претендентов из кадрового состава, особенности материальной базы, своеобразные особенности образовательной системы по подготовки менеджеров в мировой практике. Наряду с ответственностью за все решения, которые принял руководитель, менеджер должен владеть информацией внутренних и внешних условий производства, особенности выполнения поставленных задач и цели, в случае необходимости учитывая изменения в обществе. В последние годы за рубежом, где наряду с увеличением конкуренции по подготовке менеджеров между специализированными организациями и университетами, идет речь о направлениях подготовки и переподготовки в университетах и бизнес-школах.

Рассматривается практическая возможность управления и подготовки менеджеров; вопросы возможности получения желаемого результата в будущем. В перспективе имеется возможность сравнивать лучший опыт развитых стран.

Большое внимание уделяется изучению и сотрудничеству с рабочими группами. В статье уделяется особое внимание развитию потенциала высших учебных заведений. Кроме того, рассматривается возможность совершенствования знаний обучающихся в системе подготовки менеджеров образования через изучение и сравнение мирового опыта.

**Ключевые слова:** менеджмент, менеджер, управление, менеджер образования.

### **Кіріспе**

XXI ғасыр ғаламдану заманында білім мен өндірістің күрделенуі ғылыми негізде басқара алатын мамандарды қажет етеді. Өзгермелі қоғамда болып жатқан қарқындылық білімді үнемі жаңартып отыруды, жаңа тұғырларды меңгеруді талап етуде.

Жаһандану үдерісінің ерекшелігі жаңа білімнің пайда болуына, таралуына және тасымалдануына, білім беру менеджерлерін даярлау жүйесіне әсер етеді. Маңызды тенденциялардың бірі кәсіби бағдарламаларды, қашықтықтан оқыту бағдарламалары, оқытудың инновациялық формасы әртараптан басым болады. Менеджментте дәстүрлі мектептер мен басқару әдістері қазіргі мен болашақ талаптарының толықтай шегіне жауап бермейді, менеджердің мүмкіндіктерінің талаптарға сай келуі үнемі білімдерін жетілдіріп отыру қажеттігі туындайды.

**Мақаланың мақсаты.** Орта білім беру ұйымдары мен қоғамның тұрақты өзара қатынасының қажеттілігі, білім беру сапасының адамдық ресурстар сапасына тәуелділігінің артуы, өзгерістер және бәсекелестік жағдайында жұмыстың қажеттілігі – білім беру менеджерлерін даярлаудың өзектілігін шет елдік тәжірибелерді зерделей келе отандық білім менеджментін дамытудағы тиімді жақтарын қарастыру.

**Зерттеу әдіснамасы мен әдістері.** Зерттеуде салыстырмалы зерттеулердің маңызы ерекше

орын алады. Салыстырмалы зерттеу процесінде салыстыру жағдайының ұтымдылығын арттыру үшін бірдей көрсеткіштердің, жүйеге тәуелді және тәуелсіз факторлардың, ерекшелігінің себебі анықталады. Оның өзінің жалпыланған формасында салыстырмалы зерттеу жүргізу келесідей негізгі кезендерді кіріктіреді:

Салыстыру нысандарын тандау;

Сәйкестік деңгейі мен салыстырылушы көрсеткіштер ауқымын анықтау;

– Нысандар жайлы ақпараттарды жинау мен өңдеу, көрсеткіштерді сәйкес түрге алып келу;

– Көрсеткіштерді, жеткен нәтижелер бағасын талдау мен салыстыру, көрсеткіштер ауқымын анықтаушы факторлар бойынша келіспеушіліктер себебін анықтау;

– Талдау нәтижесін жалпылау, салыстырылушы нысандарда ұтымдылықты жоғарылату бойынша қосымша мен қорытындылар;

– Ұсыныстарды жүзеге асырудан және олардың жалпылама көрсеткіштерге ықпал ету деңгейінен эффектін есептеу.

Жалпы салыстырмалы талдау мазмұны зерттеудің нысаны және мақсатымен анықталады, ал салыстырмалы зерттеулерді ұйымдастыру әдісінің өзі оның кілттік функциясы болып табылатын табысты болжамды орындауды жүзеге асыруға, яғни, көріністер мен процестерді болжау, даму болашағы тұрғысынан, болашақ элементіндегі өткен және қазіргі құрамдас элементтердің проекциясы тұрғысынан қарасты-

руға бағытталған. Болашақтың көрінісін кеңейте отырып, табысты болжам стратегиялық басқару міндеттерін шешу үшін болашақ жайлы ақпаратты басқару жүйесін қамтамасыз етеді. Жалпыланған сипатта талдауды болжамның реті келесідей:

Перспективаны сипаттайтын жалпыланған көрсеткіштер шеңберін анықтау;

Дамудың айрықша, жеке, қосымша көрсеткіштерін бөлу;

Дамудың негізгі бағыттарынан шыға отырып талдау дәйектілігін қалыптастыру;

Түрлі көрсеткіштерге факторлар ықпалын қалыптастыру, осы факторларды топтастыру.

Салыстыру объектілерінің сипаттамаларына байланысты, жұмыстың барлық аспектілерін немесе жергілікті талдауды қамтитын толық талдау жүргізілуі мүмкін.

Салыстырмалы зерттеулерде талдау процесін жүзеге асырудың негізгі жағдайлары келесілер болып табылады:

Салыстырмалы көрсеткіштердің сапалы бірегейлігін, көрсеткіштерді есептеу әдісінің бірлігін сақтау;

Бірегей өлшеуіштерді қолдану [1].

Менеджмент ғылым ретінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болып қазіргі таңға дейін дамудың әр түрлі кезеңдерінен өтті.

Ғылыми менеджменттің негізін салушы, белгілі ағылшын ғалымы Фредрик Уинстоу Тэйлор (1856 – 1915) екендігі белгілі. Ғалым “Менеджмент” ұғымының мәні мен мазмұны “басқару” түсінігіне ұқсас екендігін, сонымен қатар менеджмент жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, ынталандыру сияқты қызметтерді де атқарады дей келе, басқаруды тек кәсіпорын деңгейінде ұйымдастыруды қарастырады [2].

Менеджмент нарықтық экономика жағдайында өндірісті тиімді басқарудың теориясы мен практикасы тұрғысынан қарастырылады. Белгілі мақсаттар мен міндеттерге бағытталған кәсіпорындарды басқару мен ұйымдастырудағы адамдардың бірлескен еңбегі.

Қазіргі таңда «менеджмент» термині әр салада өзіндік анықтамалар мен зерттеулерге ие. «Менеджментті басқарудың ғылыми негізделген үлгісі» деген кеңейтілген түсінік жоғары деңгейдегі нәтижелерді алуға бағыт береді. Менеджмент саласындағы арнайы, үздіксіз кәсіби даярлықтың мақсатқа сәйкестілігі бірқатар себептермен шартталған.

Бұл менеджер кәсібінің соңғы уақыттарда кең танымалдылыққа ие болып отырғанын

айғақтайды. Менеджер – бұл өндірісті немесе басқа қызметті басқарумен айналысатын лауазымды тұлға. Елдегі кәсіпкерлер санының артуына байланысты, осы саладағы мамандарға қажеттілік туындады. Іс жүзінде кәсіпкермен салыстырғанда өз құқықтарымен шектелетін басқарушы. Менеджер қызметінің негізі адамдармен жұмыс болып табылады. Кадрларды басқару үнемі жүріп отыратын процесс. Ол ұжым ішіндегі қарым-қатынасты реттеумен айналысып, олардың жұмысын тәртіпке салады. Сонымен қоса менеджер ұйымның сыртқы байланыстар жөніндегі өкілі болып есептеледі. Бұл мамандықтың бірнеше деңгейі бар. Менеджер – ол басқарушы, сондықтан да ол өзінің жұмыс жасайтын саласының барлық технологиялық үрдістерін түсіне білуі қажет. Менеджерден бір мезетте кәсіпкер болу, нарықтық қатынастардың жай-жапсарын және ресурстарды реттеуді талдай білуі міндетті талап етіледі. Менеджер қызметіндегі адам адекватты шешім қабылдай отырып, мақсатты орындау үшін қойылған міндеттерді орындау барсында қол астындағы жұмысшыларды жұмылдыра білуі керек. Менеджер нарықтық мәселелерді және оның ерекшеліктерін талқылай білуі үшін экономика саласындағы білімдерді меңгеруі қажет. Менеджер мекемелер мен фирмалар бәсекелестерінің әрекетін зерттеу, қарастыру, өндіріс әрекетін жоспарлай білуі және экономика мен нарықтың дамуын алдын-ала болжай білуі қажет [3].

Менеджерлер де білім саласының белгілі өкілдерінің бірі. Қазіргі таңда білім беру жүйесі білім беру жұмыстарын ұйымдастыра алатын жоғары білікті мамандарды қажет етеді. Адамдар басқаруға деген қабілетке ие болса да, оны табысты жүзеге асыру үшін арнайы білім мен білік қажет. Л.А. Шипилина менеджмент туралы: «Білім беру менеджерінің басты мақсаты ұйымдық құрылымның тиімді қызмет етуіне және бірінші кезекте, ұйымның сыртқы имиджі мен ішкі ресурстар сапасында табысқа немесе сәтсіздікке алып келетін әрекетін анықтау және оның бар назары да соған бағытталған. Сонымен бірге, білім беру менеджері ұйымның адекватты даму стратегиясына байланысты ұйым ішкілік қызметкерлерді оқыту бағдарламасын жасайды», - деді. Менеджерлерді даярлауда тұлғаның мүмкіндіктері мен қабілеттерін толықтай ашу мен өз ойын білдіру идеясы жағына қарай білім беру мақсаты мен мәнін жылжытуды назарға алу қажеттігін айтса, ал И.Л. Булыгиннің пікірінше, білім беру менеджері білім беру мекемелерінің тұлғалары,

яғни педагогикалық қызметті атқарушылардың кәсібилігін арттыру арқылы жұмыс сапасын жақсартумен байланысты функцияларды атқарады – делінген [5].

Білім беру менеджерлерінің даярлауда оқу үдерісін ғылыми әдістемелік қамтамасыз етумен қатар дамыған елдердегі шетелдік тәжірибелерді қарастыру да маңыздылығын жоймайды. Әрбір ел өзінің тәжірибесімен қоса әр кезде дамыған елдердің тәжірибесін салыстыра отырып оңтайлы тұстарын алуға тырысады, қандайда болмасын саланың дамуына тиімді әсерін тигізеді. Барлық дерлік дамыған елдерде менеджмент бойынша басшыларды оқытуға ерекше мән беріледі. «Менеджер» ұғымы әр салада басшылардың бір мақсат пен міндеттерді орындауға бағытталған адамдар тобын құрайды.

Біздің ойымызша, менеджер дегеніміз бұл топ лидері, ол өзіне не қажет екендігін біледі, топтың басқа мүшелерін де қоса отырып, мақсатқа жету үшін өз көзқарасында тұра біледі және басқа адамдарды да ұйымдастыра алады.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Негізгі талдау барысына келер болсақ біз келесі мемлекеттерге тоқталуды жөн көрдік. АҚШ-тағы менеджмент кәсіби құзыреттілікке, лауазымдарды бөлу және серіктестің ойлауы мен қабылдауына икемделу мүмкіндіктеріне негізделеді. Америкалық студент-менеджер үшін ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін қалыптастыру негізгі қалаушы болып табылады. Менеджерлерді оқытатын жетекші мектептер (университеттер) Пенсильвания университетінің Уортон мектебі, Гарвард, Стенфорд. Олар сонымен қатар болашақ менеджерлер үшін оқу курстарын да ұсынады. Сонымен бірге болашақ менеджерлерге көмек көрсететін арнайы ұйымдар да бар: Америкалық менеджмент ассоциациясы (АМА), Менеджменттің даму ассоциациясы (SAM).

Айта кетерлік жайт, қазіргі таңда көптеген дамыған елдерде білім беру менеджерлерін даярлаудың моделдері жасалған және тәжірибеде жеткілікті табысты жүзеге асырылуда (Білім беру институты, Торонто, Канада; Білім беру институты, Будапешт, Венгрия; Монаш Университетінің білім беру факультеті, Мельбурнда, Австралияда, Сингапурдың Ұлттық университеті, Лестерлік университеті, Ұлыбритания және т.б.).

Зерттеушілердің пікірінше, 1980 жылға дейін мектеп директорларын даярлайтын стандарттарға қатысты ешқандай нақты ұлттық саясат болмаған. ХХІ ғасырдың басында мектеп басшыларын арнайы даярлаудың

маңыздылығы арта бастады. Бұл уақытқа дейін бірқатар зерттеулер жүргізіліп, мектеп басшылары мектеп пен сыныптың жақсаруына, студенттік оқытуды айтпағанда, жағдайларда және мұғалімдерді бақылауда шешуші рөл атқаратынын дәлелдеді.

Менеджерлерді даярлаудың шетелдік тәжірибесінде жоғары білім беру жүйесінде менеджерлерді даярлаумен айналысуды бастаушы бірінші ел АҚШ болып табылады. Педагогикалық қызметте ол білім беру саласында мамандарды даярлау ісіндегі ұйымдастырушылық және әдіснамалық жұмыста үлкен тәжірибе жинақтады. Батыс Еуропа елдерінде, АҚШ пен Жапонияда менеджерлер даярлау жүйесінің тармақталған жүйесі бар. Үкімет, кәсіпкерлер ассоциациясы және кәсіпорынның өзі білім беру саласына, соның ішінде менеджмент саласына да капитал салуын үнемі көбейтіп отырады. Менеджмент саласында мамандарды даярлаудың институционалдық формалары, жоғары оқу орындары мен академиялардың, бизнес-мектептердің, басқарудың ішкі мектептерінің және менеджерлердің біліктілігін арттыруға, кәсіби дамуына мамандандырылған жеке ұйымдар тәжірибесімен тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде менеджерлерді ғылыми негізде шындап даярлау іскер әкімшіліктегі магистрлік бағдарламалар шеңберінде кеңінен жүзеге асырылады (master of business administration, MBA). Олардың мазмұны мен құрылымы белгілі және базалық пәндерден, негізгі басқарушылық пәндерінен – core (қаржы, маркетинг, операцияларды басқару, бухгалтерлік есеп, жалпы менеджмент), интегративті пәндерден integrative (соның ішінде бизнес ортасы, бизнес стратегиясы, халықаралық операциялар), олардың кең таңдауында арнайы экономикалық және басқарушылық пәндерден тұрады. Білім менеджерлерінің жүйесі көп сатылы және бұл американдық, еуропалық, жапондық және отандық менеджментке тән болып табылады.

Қазіргі уақытта Америка Құрама Штаттарында 600-ден астам бизнес мектептер жұмыс істейді, олар университеттерде тәуелсіз мәртебеге ие және бизнес пен басқаруда жүйелі оқытуды қамтамасыз етеді. Менеджер кәсіби білімге екі жылдан он жылға дейінгі уақытын жұмсайды. Жыл сайын 60 мыңнан аса америкалық менеджер дипломын алады.

Бастапқы кезең – маман бакалавр дәрежесін алатын университеттің немесе колледжді (2-4 жыл) аяқтауы болса, кейін екі жылдық практикалық жұмыс тәжірибесі болған

жағдайда менеджер ең беделді магистратура бағдарламаларын жалғастыра алады: менеджмент магистрі, халықаралық менеджмент магистрі және т.б. Менеджердің кәсіби білімінің соңғы сатысы – философия докторы дәрежесін алуға мүмкіндік беретін төрт жылдық бағдарлама бір жағынан, менеджмент саласында зерттеуші мәртебесін берсе, екінші жағынан, сараптамалық және аналитикалық жұмыста кәсіби түрде қатысуға мүмкіндік береді.

АҚШ-тың менеджерлерін ұйымдастырушылық оқытудың ерекшеліктерін Халықаралық корпорациясында іске асырылған бағдарламаның мысалында көруге болады. Кадрларды даярлау мен біліктілігін арттырудың корпоративтік саясаты келесі қағидаттарға негізделеді:

- фирманың жоғарғы басшылығы оқу үдерісіне тартылады;

- оқу бағдарламалары корпоративтік философия мен стратегияның негізгі ұстанымдарын көрсетеді;

- кәсіби даярлаудың жеке мақсаттары кәсіби болашақпен тығыз үйлестіріледі;

- кәсіби дайындықтың нәтижелері оқытудың мазмұны және оның нәтижесімен субъективті қанағаттануды, сондай-ақ дамудың сапасы жайлы мағлұмат беретін кешенді бақылауға алынады.

1940 жылдары, АҚШ-тағы 150 бизнес мектебі болған кезде, Англияда басқару саласында мамандарды даярлау үшін арнайы оқу орталықтарын ұйымдастыру жаңадан басталды. Англияда бұл ұзақ уақыт кезеңі болды, басшылық менеджменттің білікті емес менеджерлерді қалыптастырудың негізгі шарты емес, білім емес, ғылым емес, өнер екенін баса айтты. Арнайы тренингке қажеттілік туындаған кезде де, Англияда бұл мәселе бұрынғыдай кеңінен қолданылды, бұл менеджментті оқыту тек «жұмыс орнында» жүзеге асырылуы тиіс, яғни, әр компанияда менеджерлердің біліктілігін арттыру және жалпы басқаруды жетілдірудің өзінің жеке бағдарламасы болуы керек. Жоғары оқу орнында менеджмент саласында мамандарды кәсіби даярлаудың басталуына дейін (американдық мектептің типтік түрі) жұмыс істеуі туралы мәселе бүгінгі күні Англияда даулы болып келеді.

Кәсіби ұйымдардан құралған арнайы Атқару комитеті Англиядағы менеджерлерді оқытуға жетекшілік етеді. Англияда басқа еуропалық елдерге қарағанда менеджерлерді оқытудың америкалық тәжірибесін қолданады. Англияда менеджерлерді даярлау және біліктілігін арттыру бірқатар ұйымдар мен мекемелердің бірлігімен

жүргізіледі университеттер жанында құрылған бизнес мектептермен; арнайы факультеттері бар жоғары және орта техникалық колледжерде және басқару мектептерінде; кеңес беруші фирмалар, кәсіби қоғамдар, жекеменшік колледждер; салалық орталықтар арқылы жүзеге асырылып отырады [6].

Алдыңғы қатарлы елдердің бірі Канадада-менеджмент яғни басқаруға арналған академиялық мүмкіндіктердің толық спектрі ұсынылған. Мамандық таңдау барысында қызығушылықтары мен қажеттілігіне байланысты студенттер қаржы, адам ресурстары, экономика, кәсіпкерлік, көшбасшылық (білім беруді басқару) электрондық бизнес және тағы басқа салалардан білім ала алады.

Канадада білім беруді басқарудың артықшылықтары мынада: Канаданың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін білім беруді ұсына отырып, Канададағы ең үздік бизнес көзі таланттар мен болашақ көшбасшыларды дамыту. Канаданы әлемнің басқа да оқу орындарынан айыратын негізгі артықшылықтар: таңдаудың жетекші пәндері. Әлемде танылған курстар. Басқару бағдарламалары бакалавриат, диплом және сертификаттау курстарын қамтиды. ЖОО-дары ұсынатын бағдарламалар студенттерге колледжде немесе институтта оқуды бастауға және оны университетте аяқтауға мүмкіндік береді.

Менеджмент саласын дамыту жоспарында Канадалық лидерлікті дамыту бағдарламасы қызығушылық туғызады. Канадалық ғалымдардың пікірінше, қатысушылардың үлгерімін жоғарылату және білім берудің берік жүйесін қамтамасыз ету үшін жаңашылдық рухы керек, стратегиялық нәтижелерге жету үшін басшылық білім және басқарушылық тәжірибе қажет. Әлемге әйгілі екі бизнес-мектептің бірлестігінде білім канадалық білім беру менеджерлерін даярлау мен қайта даярлау жүйесі «орта менеджмент» және Канаданың көрнекті директорлары үшін білім беру мекемелерінде «басшыларды» атқарушы лидерлікке оқытудың үш бағдарламасын ұсынады. Бұл бағдарламада 2 жоғары оқу орны ұсынылған: Айви бизнес Мектебі, Батыс Онтарио Университеті және Торонто Университетіндегі Ротман менеджмент Мектебінің Ұлттық директорлар академиясы. Бұл бағдарламаларға қатысушылар Онтарионың лидерлік құрылымы талап ететін лидерлік пен теорияны тәжірибеге енгізе алады. Бағдарламаға жетекші компания басшылары үнемі қатысады, бұл қатысушыларға білім беру контекстіндегі табысты лидерліктің тәжірибелік түсінгін кеңейтеді.

Бұл қоғамдық білім беру жүйесін нығайту Канада қоғамындағы білім алушылардың қажеттіліктерінің қанағаттануына алып келетін білім беру лидерлерін тұрақты кәсіби дамытумен сипатталады [7].

Менеджерлерді даярлаудың шетелдік тәжірибесіндегі Жапондық басқару жүйесі де ең тиімді жүйелерді бірі болып табылады. Жапондық басшылар мен менеджерлер «өмірлік жалдауға» сүйене отырып деңгейлес мансап құрады. Жоғары жұмысқа қабілеттілік және үздіксіз өзін-өзі жетілдіру, тәртіптілік және ұжымдық жұмыс бұл елдегі менеджердің ең маңызды кәсіби сапалары болып саналады. Менеджерлерді дайындау түрлі курстары бар Осакалық, Токиолық, Киоталық, Нагасакилік университеттерде жүргізіледі. Еуропалық менеджмент көптеген елдердің теориясы мен тәжірибесін өзінде біріктіреді, бірақ америкалық жүйеге негізделген. Өндірістік тәртіптілік және халықаралық аспектілер еуропалық студент-менеджерлерге маңызды болып табылады. Менеджерлерді оқытатын ең атақты орындар: француздық бизнес-мектеп INSEAD, швейцариялық IMD (International Institute for Management Development), Оксфордтық университет, Лондондық бизнес-мектеп (LBS).

Жапониядағы менеджерлердің біліктілігін арттыру және дағдыларын дамыту жапондық компанияны басқару және ұйымдастырылуына тән ерекшеліктерімен анықталады. Жапонияның тарихи және ұлттық даму ерекшеліктері менеджерлерге барлық қызметкерлерді біріктіруге негізделген менеджмент саласындағы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Жапон менеджментіндегі кәсіптік оқытудың негізгі идеясы – барлық жұмыс жасында, яғни үздіксіз оқытуда оқыту идеясы. Басқарудың негізін тек менеджерлер ғана емес, сондай-ақ Жапон экономикасының дамуында үлкен рөл атқарған қатардағы қызметкерлер де үйренеді. Олар қызметкерлер үшін өте кең ауқымды оқу бағдарламасын ұсынады, апта сайын жұмыс күндерінің бір бөлігі ретінде сабақтар өткізіледі.

Оқу бағдарламасы өзіне төрт негізгі бөлімді кіріктіреді:

- 1) сапалы топтардың бағдарламасына қолданудағы басқару теориясы;
- 2) қарым-қатынас жасай және тыңдай білу;
- 3) топтар және басшылық дағдыларын;
- 4) статистикалық әдістер, сапаны бақылау.

Жапонияда менеджерлер даярлаудың ерекшелігі менеджерлерді кез келген жағдайдан шығуға бейімдеу, халыққа қызмет ету, әділдік,

адалдық, бірізділік, ынтымақтастық, прогресс үшін күрес, сыпайылық сынды қасиеттермен қаруландыру.

Еуропалық Одаққа енетін дамыған мемлекеттердің аралығында орналасқан Францияда менеджерлерді кәсіби даярлауда соңғы онжылдықта құрылымы айтарлықтай өзгерістерге төтеп берген жоғары мектеп тармағында жүзеге асырылады. Францияда университеттер мен университеттік орталықтармен қатар Жоғары Мектептерде де менеджерлерді даярлау жүзеге асырылады. Француздық білім беру жүйесінің ерекшелігі мамандандырылған менеджерлерді даярлау әртүрлі жоғары кәсіби мектептерде де жүзеге асырылуы мүмкін (Жоғары коммерциялық мектеп, Жоғары инженерлік мектеп және т.б.). Сонымен қатар әр мектеп өзінің студенттеріне өздері таңдай алатын бағыттар мен бағдарламалардың сан алуан түрін ұсынады. Францияда елдің өндірістік-экономикалық саласы үшін менеджерлерді кәсіби даярлайтын классикалық оқу орны Жоғары коммерциялық мектептердің бірі алғаш болып 1881 жылы ашылды.

Жоғары коммерциялық мектептердің бағдарламалары мен формалары әрқашан өндірістің сұранымына сай анықталған. Мұндай мектеп типі дипломды ғылыми жұмысшыларға сұраныстың артуының салдарынан XX ғасырдың ортасында қарқынды дамыды.

Жоғары коммерциялық мектептер басқару аппараты, фирма және кәсіпорын басшылығы, өндіріс және білім беру әкімшілігі мамандықтары бойынша жоғары білім береді.

Жоғары мектептер Францияның жетекші мамандандырылған жоғары оқу орыны болса да өзінің масштабы мен студенттер санының аздығымен ерекшеленеді. Аталған жағдай ұйымның мамандандырылған жоғары білім беруінің ерекшелігі, яғни Францияның мұндай жоғары оқу орындарында білім беру орта мектепті бітіре салып басталмайды, алдымен екі жылдық алдын ала дайындық болады, сонымен бірге білім алу үшін қатаң талап, қымбат төлемақы және элитарлық сипат тән [8].

Германияда кәсіпорындары басқару үрдісі заңнамалық актілермен бекітілген қағидаларға сүйенеді. Басшылыққа сайланатын тұлғалардың жеке қасиеттері емес, көбіне анкеталық мәліметтеріне, тәжірибесіне, біліміне ерекше көңіл аударылады. Германияда басқару ұйымдағы тәртіпті, қабылданатын шешімдерді, ұйым іс-әрекетін, іс-қағаздарды басқару тарапынан қаралады. Германияда менеджмент саласында жұмыс іс-

тейтін ұйымдар мен мекемелердің кең желісі құрылды, менеджерлерді оқытуға тартылған ұйымдардың тығыз ынтымақтастығы тән.

АҚШ пен Англиядан бөлек Германия дипломды менеджерлерді даярлауға университеттердегі көп санды факультеттер ашуға әрекет еткен жоқ. Неміс кәсіпорындары үшін басшылық тұлғаларын даярлауда тәжірибелік әдіс оңтайлы болды, ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен әртүрлі мамандық өкілдерін басшылық қызметіне жоғарылату, олар компания ішінде және сыртында өткізілетін қысқа мерзімді курстар мен семинарларда оқытылды. Дәл осы мақсатта Германия өндірісті басқару саласында ғылыми-әдістемелік және оқу жұмысымен айналысатын үлкен масштабты ұйым қызмет етеді. Ұйымның негізгі мақсаты экономиканы оңтайландыру бойынша кураторлық жасау; еңбекті ұйымдастыруды зерттеу бойынша бірігу, Батыс германдық халық шаруашылық қоғам, экономика бойынша университеттік семинарлар өткізу [6].

Сонымен, Германияда менеджмент саласында дипломды мамандарды даярлау орталықтары университеттер құрамындағы бизнес мектептері, факультеттер мен менеджмент бойынша бөлімдер болып табылады. Осыған ұқсас оқу орындары әлдеқайда ерте пайда болса да соңғы онжылдықта қарқынды өсе бастады.

Германияда менеджмент саласындағы мамандарды даярлау жүйесінің ерекшелігі сол, онда оқу бағдарламасымен қатар еңбекті ұйымдастыру мен өндірісті басқару саласында зерттеу жұмыстарын жүргізетін ірі мемлекеттік ұйымдар маңызды орын алады.

### Қорытынды

Менеджерлерін даярлау саласындағы білім беру саясаты, еуропалық университеттер Ассоциациясы жобасының негізгі ережелерін есепке ала отырып оқыту үдерісінде білімді стандартты жеткізу, толыққанды «жан-жақты» білім алу технологиясына көңіл бөлу маңызды. Мұндай білім алу үдерісінде кең мағынасында көп шекті байланысы және білім мен идея тасылмадаушылармен байланысты жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар және кәсіпорындар мен кәсіпкерлер ұйымы қатыса алады.

Жоғары оқу орындарының, жұмыс берушілердің және басқа да ұйымдардың өзара қатынасы бірыңғай бірлікте серіктестік ұстанымында, реттеуші мониторинг және ұйым мақсаттары, міндеттері мен қызығушылықтары аясында болуы тиіс.

Менеджерлерді кәсіби даярлауда оның қазіргі жағдайын анықтайтын бірқатар тенденциялар әрекетін кездестіруге болады. Батыс Еуропа, Америка, Жапон және отандық басқару мектептері арасындағы сақталған айырмашылықтарға қарамастан, ұйымдық фирмалар да қабылдайтын өзара ерудің көптеген белгілері бар, олар: түрлі мәдениеттің менеджмент өкілдері кіріктірілген евро-менеджерлерді даярлау; 1991 жылы Францияда француз-жапон менеджерлерді даярлау орталығының құрылуы; Біріккен Ұлттар Ұйымы бастамасымен дамушы елдерде өткізілетін менеджмент саласындағы оқу бағдарламаларын сәйкестендіру соның айғағы.

Басқарушылық кадрларын даярлау жүйесіндегі білім беру саясаты жалпы алғанда – «өмір бойы білім ал» ұстанымына бағынуы.

Жоғары білім жүйесінің икемділігі мен көп нұсқалығы, жоғары оқу орындарында маңызды рөл алатын үздіксіз білім беруді жүзеге асыру – бұлардың барлығы да ХХ ғасырда басталған және әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан реформалардың нәтижесі болып табылады.

Қорыта келгенде, білім беру менеджерлерін даярлау жүйесіндегі сұрақтар әлемдік тәжірибені зерделеуге байланысты өзгерістер мен даму кезеңдерінен өтіп отырады. Қазақстандық білім беру жүйесінде бұл тәжірибені қолданудың қолайлы тұстары мен перспективалық бағыттары анықталса, менеджмент саласындағы мамандарды даярлау және біліктілігін арттырудың менеджерлерді даярлау жүйесінің заманауи даму тенденциялары Қазақстандық менеджмент саласындағы ғылыми жоспарлау мен тәжірибелік қызметтің болашақ дамуы үшін үлкен маңызға ие болады. Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуы халықтың материалдық әл ахуалының деңгейі білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін әлемдік тәжірибеде қарастыру тиімділігін көрсетеді.

### Әдебиеттер

- 1 Кусаинов А.К., Есеева М.Т. Методология и методика сравнительной педагогики. – Алматы ROND&A, 2008
- 2 Менеджмент // <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 3 Исаева З.А. Организация управления знаниями в условиях внедрения проектного менеджмента в государственное управление // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2017. – № 3 (52). – С. 17-21.
- 4 Шипилина Л.А. Технология управления саморазвитием менеджера: Учебное пособие, Омск, 1998.
- 5 Булыгин И. Л. Роль менеджера образования в реализации стратегий развития организации // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2014. – Т. 20. – С. 3071–3075. – URL: <http://e-koncept.ru/2014/54878.htm>.
- 6 Организационные формы подготовки менеджеров в США, Великобритании и Германии.- Бизнес-образование. - 2009-08-21.
- 7 Bush Tony. Leadership and Management Development in Education. London: SAGE Publications Ltd, 2008
- 8 Сущность и особенности подготовки менеджеров в высших профессиональных школах Франции. - Бизнес-образование. – 2009-06-10. -[http://www.fmobraz.ru/Business\\_Study/56/1](http://www.fmobraz.ru/Business_Study/56/1).

### References

- Kusainov A., Yeseeva M. (2008). Methodology and methodology of comparative pedagogics. Almaty ROND & A. Management (2017). Retrieved from <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- Issayeva, Z. A. (2017). Organization of Knowledge Management in Conditions of Implementation of Project Management in State Administration. Journal of Educational Sciences, 52, n. 3, 17-21.
- Shipilina, L.A. (1998). Technology Management Supervisor [Textbook]. Omsk.
- Bulgin, I. L. (2014). Role of a Learning Manager in Realization of Strategic Development of the Organizational Process. The Electronic Commodity Journal “Concept”. 20, 3071-3075. URL: <http://e-concept.ru/2014/54878.htm>.
- Organizational forms of managerial managers in the United States, Great Britain and Germany (2009 21 Aug). Business education.
- Bush T. (2008). Leadership and Management Development in Education. London: SAGE Publications Ltd.
- Succession and excellence of managers in the most professional shops in France (2009, 10 Jun). Business-education. Retrieved from [http://www.fmobraz.ru/Business\\_Study/56/1](http://www.fmobraz.ru/Business_Study/56/1).